

Астана қаласы әкімдігінің «№ 49 «Алтынай» балабақшасы» МКҚК

Қамқоршылық кенес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің
ұлгілік қағидаларының

ЕРЕЖЕСІ

Астана қаласы, 2024ж

«Бекітемін»

№49 «Алтынай» балабақшасының
менгерушісі М.А.Жолбарысова
« » « » 2024 ж

Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» МКҚК балабақшасының қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің

ЕРЕЖЕСІ

Астана қаласы әкімдігінің №49 «Алтынай» балабақшасы» МКҚК қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің «№49 «Алтынай» балабақшасы» МКҚК (ары қарай №49 «Алтынай» балабақшасы) Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес №49 «Алтынай» балабақшасының дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялыштық пен шынайыштық.

3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

2) өз қызметін №49 «Алтынай» балабақшасымен жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға міндетті.

2-тарау. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі

4. Қамқоршылық кеңесті тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган) құратын комиссия (бұдан әрі – Комиссия сайлайды.

Қамқоршылық кеңестің өкілдегі мерзімі 3 (үш) жылды құрайды.

5. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды, кемінде 7 (жеті) адам, оның ішінде мемлекеттік органдар өкілдерінің саны Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының 2/3 (үштен екісінен) аспайды.

Комиссия құрамына жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан оның бірінші отырысында сайланады, ол туралы хаттамалық шешім шығарылады.

Комиссия хатшысы оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды. Тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкері Комиссия хатшысы болып табылады.

7. Комиссияның жалпы құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан жағдайда Комиссияның отырысы өткізілген және оның шешімі заңды болып есептеледі.

Комиссия шешімі Комиссия мүшелерінің жалпы санының дауыстар басымдылығымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның барлық шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді, оған төраға, отырысқа қатысқан комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

8. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құнтізбелік жылдың 1 мен 10 қыркүйек аралығындағы кезеңде (Қамқоршылық кеңестің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде) Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, оның атауын, сапалық құрамын, сондай-ақ Қағиданың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен мәліметтер жіберілетін почта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап құнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

9. Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 4) білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтың бөлімшелері берген сottылығы мен сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

10. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) №49 «Алтынай» балабақшасының тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе заңды өкілдері (осы мектепке дейінгі ұйымның әрбір жастағы топтың тәрбиеленушілерінің бір ата-анаы немесе заңды өкілі) – әрбір жастағы топтардың санынан аспайды;
- 2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;
- 3) жергілікті өкілдік және/немесе атқарушы және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;

- 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;
- 5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам кіреді.

11. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлердің ата-аналар жүртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен мектепке дейінгі ұйымдар ұсынады.

Ата-аналар жүртшылығынан үміткерлердің тізімі (әрбір жастағы топтан осы мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің бір ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен) осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

12. Комиссия өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде үміткерлер ұсынған құжаттарды қарайды, үміткердің осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеуді жүргізеді.

Барлық қажетті рәсімдерді ескере отырып, Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру күнтізбелік жылдың 30 қазаннан кешіктірілмей аяқталады.

13. Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бекітеді, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және білім беру ұйымдарында орналастырылады.

3-тарау. Қамқоршылық кеңестің функциялары

14. №49 «Алтынай» балабақшасының Қамқоршылық кеңесі:

1) №49 «Алтынай» балабақшасын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсындырды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) №49 «Алтынай» балабақшасының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) №49 «Алтынай» балабақшасының жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуі келіседі;

5) №49 «Алтынай» балабақшасына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуы туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

6) тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға, олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

7) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

8) №49 «Алтынай» балабақшасы басшысының мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдайды;

9) қызын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсестін демеушілік қаражаттың жұмысалуына бақылауды жүзеге асырады;

10) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерген көмек көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдеседі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды, дарынды балаларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлейді;

11) №49 «Алтынай» балабақшасының әкімшілігіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

12) ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне анонимді сауалнама жүргізу арқылы мектепке дейінгі ұйымда оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

13) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

14) №49 «Алтынай» балабақшасының ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қызынушылықтары бойынша үйрмелерде және спорт секцияларына қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

15) педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналыстарын өткізеді;

16) педагогтер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

17) №49 «Алтынай» балабақшасы қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, кеңестерді, семинарларды өткізуға жәрдемдеседі;

18) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Бақылау барысында анықталған бұзушылықтар кезектен тыс отырыстың қарауына шығарылады.

15. Қамқоршылық кеңестің қызметі оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тaraу. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

16. Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуға жол беріледі.

17. Отрысты өткізу туралы ақпаратты Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып, мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында орналастырады.

Интернет-ресурстағы ақпарат отрыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын қамтиды.

18. Отрыстарға азаматтық қоғамның бақылаушылары қатысады.

19. Осы №49 «Алтынай» балабақшасының Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан Қамқоршылық кеңестің отырысында көпшілік дауспен ашық дауыс беру жолымен сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

20. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

21. №49 «Алтынай» балабақшасының қызметкерлерінің немесе тәуелсіз тұлғалардың арасынан сайланатын және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

22. Отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

23. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен ресімделеді және оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы немесе Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

24. Қамқоршылық кеңестің шешімдерін білім беру үйімінің әкімшілігі заңда белгіленген мерзімде тиісті шешімдер қабылдай отырып қарайды.

25. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды және мектепке дейінгі үйімнің басшысына келісуге енгізіледі.

26. №49 «Алтынай» балабақшасының басшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен келіспеген кезде келіспеушіліктер оларды еңсеру үшін қамқоршылық кеңестен және мектепке дейінгі үйімнан қатысуышылардың тең саны қатысатын комиссия (бұдан әрі – келісу комиссиясы) құрылатын келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келісу комиссиясының мүшелері өз құрамынан Келісу комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен төрағаны сайлайды. Келісу комиссиясы келіспеушіліктер туындаған шешімдерді қарайды.

Келісу комиссиясы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Келісу комиссиясының шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. "Қолдаймын" немесе "қарсымын" дауыстар саны тең болған кезде келісу комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі. №49 «Алтынай» балабақшасының интернет-ресурсында орналастырады.

28. №49 «Алтынай» балабақшасына қайырымдылық көмек ерікті турде өтеусіз негізде көрсетіледі және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жүмсалады.

29. №49 «Алтынай» балабақшасына қабылданған қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер:

1) мемлекеттік мекеме үйімдық – құқықтық нысанда құрылған №49 «Алтынай» балабақшасы үшін – Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотына;

2) өзге үйімдық-құқықтық нысандарда құрылған мектепке дейінгі үйім үшін – екінші деңгейдегі банкте ашылған шотына аударылады.

30. Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға:

- 1) №49 «Алтынай» балабақшасының тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдауға;
- 2) №49 «Алтынай» балабақшасының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;
- 3) дарынды балаларды қолдауға;
- 4) пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға жүмсалады.

31. №49 «Алтынай» балабақшасы жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша ата-аналар жүртшылығын осы мектепке дейінгі ұйымның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері туралы хабардар етеді.

32. Осы кеңестің қызметі шеңберінде Қамқоршылық кеңес мүшесі алған, дербес деректерді қорғау, мемлекеттік және қызметтік құпия, коммерциялық құпия туралы қолданыстағы заңнамамен қорғалатын ақпарат үшінші адамдарға ашылмайды.

5-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

33. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдың бастамасы бойынша;
- 2) №49 «Алтынай» балабақшасыны тарату, қайта ұйымдастыру кезінде;
- 3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;
- 4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

34. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

- 1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);
- 2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.